

«БЕКІТІЛДІ»
«QAZAQ AIR» АҚ
Директорлар кеңесінің
2016 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 21 шешімімен

«QAZAQ AIR» АҚ
Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының
2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 21 хаттамасының
№ 2 қосымшасы

«QAZAQ AIR» АҚ
ішкі аудитінің қызметі туралы ереже

Алматы қ, 2016 ж.

Мазмұны:

Мазмұны:	2
1. Жалпы ережелер.....	3
2. Қызметтің мәртебесі.....	6
3. Міндеттері мен мақсаттары.	6
4. Міндеттері мен атқарымдары.....	7
5. Қызметтің қызметіндегі шектеулер.....	8
6. Біліктілік талаптары.	9
7. Қызметтің құқықтары мен өкілеттіктері.....	10
8. Қызметтің және оның басшысының жауапкершілігі.....	12
9. Жаза қолдану.....	13
11. Қызметтің Атқарушы органмен өзара әрекеттесуі.	14
12. Қызметтің қызметін бағалау.....	15
13. Қорытынды ережелер.....	16

1. Жалпы ережелер.

1. Ішкі аудитінің қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) ішкі аудиті қызметінің (бұдан әрі - Қызмет) мәртебесін, Қызметтің міндеттерін, атқарымдарын, құқықтары мен жауапкершілігін, Қызметтің құрылымына қойылатын негізгі талаптарын және оның жұмыскерлерінің біліктілігін, Қызметтің басшысы мен жұмыскерлерінің тағайындалу тәртібін, оларға қойылатын тәртіптік жазалар туралы шешімнің қабылдануын, сонымен қатар, Қызметтің басшысының өкілеттіктерін және Қызметтің Директорлар кеңесімен, «QAZAQ AIR» акционерлік қоғамының атқарушы органымен (бұдан әрі - Қоғам), және басқа ұйымдармен өзара әрекеттесуінің тәртібін анықтайды.

2. Ереже Қызметтің қызметін ұйымдастыруда Әдеп кодексін, сапалы стандарттарды және Ішкі аудиторлардың халықаралық институтымен (The Institute of Internal Auditors Inc.) белгіленген ішкі аудиторлардың қызметінің стандарттарын қолдануға негізделеді.

3. Қызметтің сандық құрамын, штат кестесін және өкілеттігінің мерзімін анықтау, Қызметтің басшылары мен жұмыскерлерін тағайындау және олардың өкілеттіктерінің мерзімінен ерте тоқтатылуы бар болса, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетімен алдын-ала мақұлданғаннан кейін (Аудит жөніндегі комитет) Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылады.

4. Қызметтің басшыларымен және жұмыскерлерімен еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Қоғамның атқарушы органының (бұдан әрі - Атқарушы орган) басшысымен Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде жасалады.

5. Қызметтің жұмыс тәртібі, оның қызметін бағалау, Қызметтің басшылары мен жұмыскерлерінің еңбегінің көлемі мен шарттары бар болса, Аудит жөніндегі комитетпен алдын-ала мақұлдағаннан/қарағаннан кейін Директорлар кеңесімен бекітіледі/анықталады.

6. Қызметтің жұмыскерлері үшін әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылы төлемдер Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қызметтің басшысы мен жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады, олар осы Ереженің, еңбек шарттарының, Қоғамның ішкі құжаттарының негізінде әзірленеді және бар болса Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасымен немесе бар болса, Аудит жөніндегі комитетпен алдын-ала мақұлданғаннан кейін Директорлар кеңесінің Төрағасымен бекітіледі.

8. Қызмет өзінің қызметін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Қоғамның органдарының шешімдерін, осы Ережені, Директорлар кеңесімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспарды және Қоғамның басқа ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

9. Қызметтің қызметін жоспарлау және жүзеге асырудың тәртібі мен ережелері бар болса, Аудит жөніндегі комитетпен мақұлданған және/немесе Директорлар кеңесімен бекітілген және Әдеп кодексінің және стандарттарының қағидаттары мен ережелерін сақтай отырып әзірленген ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

10. Осы Ережеде келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады¹:

Ішкі аудит

Ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңестерді ұсыну жөніндегі қызмет. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару,

¹ Ұғымдар мен анықтамалар Ішкі аудиторлар институтының Ішкі аудитінің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес түсінік береді (The Institute of Internal Auditors Inc.)

бақылау және корпоративтік басқарудың тиімді үдерістерін бағалауға және арттыруға жүйелі және ретті тәсілдерді пайдалана отырып, ұйымға алға қойған мақсаттарына қолжеткізуге көмектеседі.

Ішкі бақылау

Атқарушы органның, Директорлар кеңесінің және тәуекелдерді басқару және міндеттерді орындау мен алға қойған мақсаттарға қолжеткізудің мүмкіндіктерін арттыру жөніндегі басқа тараптардың кез-келген әрекеттері.

Әдеп кодексі

Ішкі аудиторлардың халықаралық институтының әдеп кодексіне (ПА) ішкі аудиттің мамандығы мен тәжірибесіне қатысты қағидаттар және ішкі аудиторлардан күтілетін әрекеттерді сипаттайтын әрекеттердің ережелері кіреді. Әдеп кодексі ішкі аудит бойынша қызметтерді көрсететін заңды тұлғаларға болсын, жеке тұлғаларға болсын таралады. Әдеп кодексінің мақсаты кәсіби ішкі аудиторлардың ғаламдық қоғамдастығында жоғары этикалық нормаларды тарату болып табылады.

Консультациялық қызметтер

Директорлар кеңесіне, Атқарушы органға және Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) кеңестерді, ұсыныстарды және т.с.с. ұсыну жөніндегі қызмет, олардың сипаты мен мазмұны көмек көрсетуге және корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқарудың және Қызметпен басқару шешімдері үшін жауапкершілікті қабылдауды болдырмайтын бақылаудың үдерістерін жетілдіруге бағытталған Тапсырыс берушімен келісіледі.

Мүдделердің қайшылығы

Сенімге ие болған тұлға болып табылатын ішкі аудитордың бәсекелес кәсіби немесе жеке мүддесі бар жағдай туындаған кезде. Осындай бәсекелес мүдделердің болуы ішкі аудиторға өзінің міндеттерін бейтарап атқаруға кедергі келтіруі мүмкін.

Корпоративтік

басқару

Алға қойған мақсаттарға қолжеткізу мақсатында ұйымды ақпараттандыру, басқару және мониторингтеу үшін құрылатын, ұйымдағы ұйымдастырушылық құрылымдар мен үдерістердің жиынтығы, сонымен қатар, ұйымның басшылығы, оның Директорлар кеңесі және басқа мүдделі тараптармен арадағы өзара қатынастың жүйесі.

Алаяқтық

Алдаумен, жасырумен немесе сенімге қиянат етімен сипатталатын кез-келген заңсыз әрекеттер. Күшті қолдану қаупіне немесе күштің әсеріне байланысты

жүргізілетін әрекеттер алаяқтыққа жатпайды. Алаяқтық жеке немесе коммерциялық пайда алу мақсатында немесе қызметті көрсетуден немесе ақшалай қаражатты төлеуден жалтару, ақша алу, меншікті немесе қызметті алу мақсатында жеке және заңды тұлғалармен жасалады.

Тәуелсіздік

Өзінің міндеттерін бейтарап орындауға ішкі аудитінің қызметіне мүмкіндік бермейтін шарттардан еркіндік.

Объективтілік

Оймен орнату, ол ішкі аудиторларға өзінің міндеттерін бейтарап орындауға, өз жұмысының нәтижелеріне сенім артуға және оның сапасына қатысты мәмілелерге тыйым салуға мүмкіндік береді. Объективтілік ішкі аудитордың аудиттің мәселелері бойынша өзінің пікірін басқа тұлғалардың пікіріне бағындырмауды талап етеді.

Кепілдіктерді ұсыну

Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ұйымда бақылау үдерістерін тәуелсіз бағалауды ұсыну мақсатында қолданыстағы аудиторлық дәлелдерді объективті талдау. (Мысалы: қаржы аудиті, тиімділік аудиті, талаптарға сәйкестігінің аудиті, жүйенің қауіпсіздігінің аудиті және шаруашылық қызметін жан-жақты талдау бойынша тапсырмалар (due diligence engagements)).

Тиімділік

Ішкі аудит ұйымға (және оған мүдделі тұлғаларға) объективті және құзыретті кепілдіктерді ұсынған кезде пайда алып келеді және тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін және нәтижелілігін арттыруға көмектеседі.

Тәуекел

Болашақтағы әлеуетті жағдай (немесе түрлі жағдайлардың тоғысуы), ол іске асырылған жағдайда, Қоғамның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарына қолжеткізуіне маңызды жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. Тәуекел салдарды және жағдайлардың орын алуының мүмкіндігін бағалау арқылы өлшенеді.

Ішкі аудит

қызметінің басшысы

Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалған және ұйымда ішкі аудит үшін жауапты тұлға, Аудит туралы ережеге және Ішкі аудиттің анықтамасына, Әдеп кодексіне және тиісті кәсіби сертификаты және біліктілігі бар стандарттарға сәйкес ішкі аудитті тиімді басқару.

Тәуекелдерді басқару

Өзінің мақсаттарын ұйымдастыруға қолжеткізудің тиімді кепілдіктерін қамтамасыз ету үшін іс-шараны немесе жағдайды анықтау, бағалау, басқару және бақылау үдерісі.

Стандарттары

Халықаралық ішкі аудиторлар институтымен жарияланған ресми кәсіби жағдай, ол мәселелердің кең спектрі бойынша ішкі аудитке, сонымен қатар, ішкі аудиттің қызметін бағалауға қойылатын талаптарды бекітеді.

2. Қызметтің мәртебесі.

11. Қызмет Қоғамда ішкі аудиттің ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін, Директорлар кеңесіне атқарымды түрде есеп беретін және бағынатын Қоғамның органы болып табылады.

12. Қызметтің қызметіне басшылық ету Аудит жөніндегі комитеттің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Аудит жөніндегі комитетпен жүзеге асырылады. Қоғамда Аудит жөніндегі комитет болмаған жағдайда, оның атқарымдарын Директорлар кеңесі тікелей жүзеге асырады.

13. Қызмет Қоғамның атқарушы органына әкімшілік тұрғыда бағынады. Әкімшілік бағыну деген келесілерді білдіреді: атқарушы органның Қызметтың басшысы мен жұмыскерлерінің тиісті еңбек шарттарын қамтамасыз ету, еңбекті төлеу, Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдердің негізінде Қызметтің қызметіне қатысты тиісті өкімдерді шығару; Қызметтің есептерін алу²; еңбек тәртібін сақтауды бақылау; іс-сапарларға, демалыстарға бұйрықтарды рәсімдеу, сонымен қатар, осы Ережеге және Қоғамның басқа нормативтік құжаттарына сәйкес басқа әрекеттер. Атқарушы орган Қызметтің тәуелсіздігіне және объективтілігіне әсерін тигізу үшін әкімшілік басымдылықты пайдаланбауы тиіс.

14. Қызмет объективті және тәуелсіз пікірлерді орындау және тиісінше қамтамасыз ету мақсатында оған жүктелген міндеттер мен атқарымдарды орындау кезінде қандай да бір тұлғалардың әсерінен тәуелсіз болуы тиіс.

15. Қызметтің тәуелсіздігі мен объективтілігі ұйымдастырушылық тәуелсіздік пен объективтіліктің белгілеріне қатысты стандарттардың талаптарын сақтаумен қамтамасыз етіледі.

16. Қызмет бейтарап және өзінің жұмысында қасақана болмауы тиіс және мүдделердің дауының туындауына жол бермеу керек.

17. Қызметтің қызметін бағалау осы Ереженің және Қызметтің қызметін регламенттейтін басқа нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қызметтің басшысына және жұмыскерлеріне Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері таралады, оған осы Ережеге, Қоғамның Жарғысына, Қызметтің мәртебесіне сәйкес қолданылмайтын құжаттар кірмейді.

3. Міндеттері мен мақсаттары.

19. Қызметтің міндеті Директорлар кеңесіне және атқарушы органға Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қолжеткізу бойынша олардың міндеттерін орындауда қажетті көмекті көрсету болып табылады.

20. Қызметтің қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне тәуелсіз және объективтік кепілдіктерді және Қоғамда корпоративтік басқару, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған кеңестерді ұсыну болып табылады.

² Аудиторлық тапсырмаларды орындаудың нәтижелері жөніндегі аудиторлық есептер, іс-сапарлар туралы есептер

4. Міндеттері мен атқарымдары.

21. Қызметтің негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

- 1) ішкі бақылаудың жүйесін жетілдіруге көмектесу және оны бағалау;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруді көмектесу және оны бағалау;
- 3) Қоғамда алаяқтықтың тәуекелдерін басқарудың тиімділігін және алаяқтықты жүргізудің тәуекелін бағалау;
- 4) Қоғамда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге көмектесу және оны бағалау;
- 5) бухгалтерлік есептің жүйесінің анықтылығын, толықтығын, объективтілігін және қаржы есебінің сенімділігін бағалау;
- 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, «Самрұқ-Қазына» АҚ нормативтік құжаттарының талаптарын (бұдан әрі - Қор) Қоғамға таралатын белгіленген тәртіппен (комплаенс - бақылау) орындауды бағалау;
- 7) Қоғамның ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен ұтымдылығын және Қоғамның активтерін сақтауды қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;

22. Қызмет, оған жүктелген міндеттерге сәйкес, белгіленген тәртіппен келесі атқарымдарды атқарады:

1) Қоғамның корпоративтік басқару, операциялық (өндірістік және қаржылық) қызметі саласында тәуекелдерді ішкі бақылаудың тиімділігін және тәуекелдерін және олардың ақпараттық жүйелерін бағалау:

- Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қолжеткізу;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің және қаржы есебінің сенімділігінің және шоғырландырылған көрсеткіштерді қоса отырып, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы басқа ақпараттың анықтылығы, толықтығы, объективтілігі;
- Қоғамның қызметінің және қабылданған бағдарламалардың тиімділігі мен нәтижелілігі;
- Қоғамның ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен ұтымдылығы және Қоғамның мүлігін (активтерін) сақтауды қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;

– заңнаманың, нормативтік актілердің, ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына, уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқаулықтарына бақылаудың құрылған жүйелерінің, Қоғам органдары шешімдерінің сәйкестілігі мен олардың сақталуы (комплаенс-бақылау).

2) Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесінің адекваттылығы мен тиімділігін бағалауды белгіленген тәртіппен жүргізу;

3) Қоғамда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалауды белгіленген тәртіппен жүргізу;

4) Қоғамда алаяқтықтың тәуекелдерін басқарудың тиімділігін және алаяқтықты жүргізудің тәуекелін бағалау³;

5) Қоғамда тәуекелдерді басқарудың тәуекелдері мен рәсімдерін бағалаудың әдіснамасының тиімділігі мен қолданылуының толықтығын бағалау;

6) ішкі бақылауға және тәуекелдерге байланысты мәселелер жөніндегі ақпараттарды Қоғамның тиісті органдарының және бөлімшелерінің алу тиімділігін бағалау;

³ Сонымен қатар, алаяқтық фактілерін анықтау мен тергеу Қызметтің негізгі атқарымы болып табылмайды. Қызметтің жұмыскерлері кеңес беруші/бақылаушы ретінде алаяқтық фактілерінің тергеуіне тартылмайды және тергеудің нәтижелері бойынша басқару шешімдерін қабылдағаны үшін жауап бермейді.

7) Қоғамда корпоративтік басқару жүйесін бағалауды (диагностикалауды) белгіленген тәртіппен жүргізу, оған Қоғамдағы этикалық стандарттар мен тиісті құндылықтардың корпоративтік басқаруының қабылданған қағидаттарын сақтау;

8) Қоғамның ақпараттық жүйелерінің аудитін белгіленген тәртіппен жүргізу;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық Келісімдердің, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды тексеру, сонымен қатар, уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларын, Қоғам органдарының шешімдерін орындау және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

10) Қоғамның стратегиялық мақсаттарының аясында, олардың алдына қойылған мақсаттарға қолжеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның бөлімшелерімен қолданылатын шаралардың адекваттылығын бағалау;

11) Қордың кеңестерінің/шешімдерінің және Стандарттардың талаптарына сәйкес Қызметтің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу;

12) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және Қоғамның құрылымдық бөлімшелері үшін ұйымдастыру және ішкі бақылауды жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және ішкі аудитті ұйымдастыру (ішкі нормативтік құжаттардың және осы саладағы жобаларды әзірлеуді қоса отырып) жөніндегі мәселелер бойынша, сонымен қатар, Қызметтің құзыретіне кіретін басқа мәселелер бойынша кеңес беру;

13) Директорлар кеңесінің тиісті шешімінің негізінде, Директорлар кеңесінің мүшелерімен немесе Төрағамен бастамашылық етілген жоспардан тыс аудиторлық тапсырмаларды жүргізу;

14) сыртқы аудитордың кеңестерін Қоғамның орындауын мониторингтеуді жүзеге асыру;

15) белгіленген тәртіппен берілген Қызметтің кеңестерін орындауға кейіннен бақылау жүргізуді жүзеге асыру;

16) ақпаратпен алмасу және кепілдік пен кеңес беруді ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсететін Қоғамның басқа ішкі және сыртқы тараптарымен қызметін үйлестіру;

17) оның құзыретінің шегінде Қызметке жүктелген басқа атқарымдарды жүзеге асырады⁴.

23. Жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша Қызмет тиісті кеңестерді, оның ішінде, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару қолданыстағы жүйесін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды, үдерістерді, қағидаттарды және қызметті жүргізу әдістерін және Қызметтің құзыретіне кіретін кез-келген мәселелер жөніндегі пікірлерді өндіреді.

24. Қызмет оған жүктелген міндеттер мен атқарымдарды орындау үдерісінде Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелерімен, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ұйымдармен белгіленген тәртіппен өзара әрекеттеседі.

5. Қызметтің қызметіндегі шектеулер.

25. Тәуелсіздік пен объективтіліктің қағидаттарын сақтау мақсатында өзінің атқарымдарын орындау үдерісінде Қызметтің басшылары мен жұмыскерлеріне келесілерді жасауға тыйым салынады:

⁴ Қызметтің міндеттері мен атқарымдары Қоғамның қызметінің ерекшеліктерін ескере және Стандарттардың талаптарын сақтай отырып, сонымен қатар, Қоғамның қызметін реттейтін бақылау органдарының талаптарын ескере отырып толықтырылуы мүмкін.

1) ішкі аудитке ұшырауы мүмкін қызметтің қандай да бір түрлеріне тартылу және аудитке ұшырайтын кезеңнің ішінде жүзеге асырылатын қызметтің немесе атқарымның аудитімен айналысу.

2) осы Ережеге сай Қызметтің қызметіне қатысы жоқ Қоғамдағы атқарымдық міндеттерді орындау;

3) Қызметтің басшысы мен жұмыскерлерін бейтарап бағалауға залал келтіруі мүмкін немесе осындай залал келтіруші деп қабылданатын қандай да бір қызметке қатысу;

4) қол қою құқығымен олардың мүшелері ретінде Қоғаммен құрылатын басқа жұмыс топтарының/комиссияларының немесе комитеттерінің құрамына қосылу. Осы жұмыс топтарының жұмысында Қызметтің басшысы мен жұмыскерлері тек дауыс беру құқығы жоқ кеңес беруші ретінде ғана тартылуы тиіс.

5) Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерінің әрекеттерін басқару, осы жұмыскерлер белгіленген тәртіппен аудиторлық тапсырмаларды жүргізуге қатысуының тағайындалған кезі саналмайды;

6) құпия ақпаратты жеке мүддесіне немесе Қоғамға залал келтіретін тәсілмен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін кез-келген басқаша тәсілмен пайдалану;

7) нәтижесінде ішкі аудиттің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына залал тигізуі мүмкін немесе осындай залалды келтірді деп қабылдануы мүмкін қызметтерді пайдалану және сыйлықтарды қабылдау.

6. Біліктілік талаптары.

26. Қызметтің басшысында⁵:

1) бухгалтерлік есеп және аудит және/немесе қаржы және/немесе экономика және/немесе заң саласындағы жоғары кәсіби білімінің және қосымша арнайы дайындығының болуы тиіс;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі - жеті жылдан кем болмауы тиіс;

3) басшылық лауазымындағы жұмысының тәжірибесі және/немесе Қор тобы ұйымының ішкі аудитінің қызметіндегі жұмысының өтілі - бес жылдан кем болмауы тиіс (немесе жиынтықтағанда басшылық лауазымындағы жұмысының тәжірибесі бес жылдан кем емес, Қор тобының ұйымының ішкі аудитінің қызметіндегі жұмыс өтілі екі-үш жылдан кем емес);

4) Әдеп кодексі мен Стандарттарды білу мен түсінуі керек;

5) Қаржы Есебінің Халықаралық Стандарттарын білуі керек;

6) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша.

27. Қоғам Қызметінің басшысына қосымша арнайы дайындық бөлімінде келесі минималды талаптар ұсынылады ⁶ : CAP (Certified Accounting Practitioner) бухгалтер тәжірибешінің сертификатының және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органымен аккредиттелген, сертификаттау жөніндегі ұйыммен берілген кәсіби бухгалтердің сертификатының және/немесе Сертификатталған қаржы менеджерінің институтымен

⁵ Қосымша арнайы дайындық бөлімінде 27 және 28 тармақтарда көрсетілген талаптарды бекіткенге дейін тағайындалған Қызметтің басшылары оқыту басталған уақытқа дейін 2-3 жылдың ішінде аталған сертификаттардың біреуін алуды қамтамасыз етуі тиіс.

⁶ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғам Қызметінің басшысы үшін 27 тармақпен қарастырылған қосымша арнайы дайындық бөлімінде минималды талаптардың енгізілуі мүмкін.

берілген сертификатталған кәсіби ішкі аудитордың (DipCPA) дипломының міндетті түрде болуы. Ағылшын тілін міндетті түрде меңгеруі керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік және басқа шетел тілдерін меңгерген артық.

28. Қызметтің жұмыскерінде:

1) экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит және/немесе ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық салада және/немесе заң саласында жоғары кәсіби білім;

2) аудит және/немесе бухгалтерлік есеп және/немесе қаржы және/немесе ақпараттық технологиялар және/немесе техникалық салада, компанияның тиісті салалық ерекшелігінде және/немесе заң саласында - жұмыс өтілі 3 (үш) жылдан кем емес;

3) Әдеп кодексін және Стандарттарды білуі және оларды қолдана білу;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша.

Ағылшын тілін міндетті түрде меңгеруі керек. Сонымен қатар, аудит және/немесе есеп және менеджмент және/немесе АТ технологиялары саласында сертификатының және/немесе біліктілігінің болғаны қалаулы, мемлекеттік және басқа шет тілін білгені жөн.

29. Қызметтің басшысын және жұмыскерлерін тағайындау бар болса, Аудит жөніндегі комитеттің кеңесі бойынша Директорлар кеңесімен конкурстық іріктеудің және Директорлар кеңесінің Төрағасының және/немесе Аудит жөніндегі комитет мүшесінің (Аудит жөніндегі комитеттің уәкілетті Төрағасының) немесе Аудит жөніндегі комитет Төрағасының қатысуымен сынақ (немесе сұхбаттасу жүргізу) арқылы жүзеге асырылады.

7. Қызметтің құқықтары мен өкілеттіктері.

30. Негізгі міндеттерді іске асыруға және өзінің атқарымдарын жүзеге асыруға арналған Қызметтің келесі құқықтары мен өкілеттіктері бар:

1) қызметкерлерге, өндірістік және басқа нысандарға, барлық құжаттамаларға және ішкі аудитті жүргізуге байланысты сұралатын кез-келген басқа ақпаратқа, оның ішінде, Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпараттарға қолжетімділік;

2) пассивті режимдегі тұрақты негізде, яғни, енгізу және түзету құқығынсыз есепке алу мәліметтерінің ақпараттық базасына қолжетімділік (бухгалтерлік есептің және т.с.с. компьютерлік бағдарламалары);

3) Қормен, Директорлар кеңесінен, Қоғамның атқарушы органымен бекітуге шығарылатын құжаттардың жобаларын сұрату және материалдарын алу және Қоғамның аталған органдарының барлық бұйрықтарын/хаттамаларын алу;

4) бар болса, Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасының келісімімен қосымша аудиторлық тапсырманы (жоспардан тыс) өткізуге бастамашы болу, жоқ болса - Директорлар кеңесінің Төрағасының, егер ағымдағы аудиторлық тапсырманы жүргізу барысында қажеттілігі анықталса, ал оның орындалуы ағымдағы тапсырманың нәтижесіне әсерін тигізсе;

5) ақпаратпен алмасу және екі еселенген жұмысты қамтудың және минимизациялауды қамтамасыз етудің мақсатында кепілдіктер мен кеңестерді ұсыну бойынша қызмет көрсететін басқа ішкі және сыртқы тараптармен қызметті үйлестіру;

6) Қызметтің жоспарлы іс-шараларын әзірлеу және Аудит жөніндегі комитет Төрағасының немесе Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің

тапсырмасы бойынша жеке тапсырмаларды орындау үшін, тар мамандандырылған мәселелер бойынша кеңес алу мақсатында Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерін тәуелсіз сарапшылар ретінде, сонымен қатар, басқа заңды тұлғалардың мамандарын (күнтізбелік жылдың аудитінің алдыңғы кезеңінің ішінде қызметі жүзеге асырылған немесе аудиттің нысанында атқарымдары орындалған тұлғаларды санамағанда) тарту;

7) кеңестер жүргізу және Қорға, басқа ұйымдарға және Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жазбаша сұраныстармен хабарласу;

8) егер Қызметтің қызметкерлері аудиторлық тапсырманы немесе тапсырманың бөлігін орындау үшін жеткілікті білімге және дағдыға ие болмаса, аудиторлық тапсырма алаяқтықтың тәуекелін бағалауды және алаяқтықтың тәуекелін басқаруды бағалауды талап еткен жағдайды санамағанда, белгіленген тәртіппен тәуелсіз кеңес берушілерді тарту немесе аудиторлық тапсырмаларды орындау үшін косорсингті пайдалану;

9) Қызметтің жұмыскерлерін және Қор тобы компаниясының басқа АТ мамандарын АТ аудитін жүргізуге мүдделі тараптармен келісе отырып тарту;

10) Қызметтің тәуелсіз бюджетін Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің қарауына құру және енгізу⁷;

11) Стандарттардың талаптарын сақтай отырып, Қызметтің құзыретімен және өкілеттіктерімен сәйкес Қоғамның бағдарламаларының және жобаларының дайындалуына және іске асырылуына қатысу;

12) Қоғамның жұмыскерлерін оқытуға, қайта дайындауға, біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға және ішкі аудиторларды сертифициаттаудың бағдарламаларына қатысу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, осы Ережеге, Қоғамның ішкі құжаттарына және Стандарттарға қайшы келмейтін басқа құқықтар мен өкілеттіктерді жүзеге асыру.

31. Қызметтің басшысының келесі өкілеттіктері бар:

1) ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша және атқарушы органның шешімінің келісімінің құқығынсыз Қызметтің құзыретінің аясындағы басқа мәселелер бойынша атқарушы органмен жүргізілетін мәжілістер мен іс-шараларға қатысу;

2) Төрағаға және Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Аудит жөніндегі комитеттің мүшелеріне, Қоғамның Басқармасының мүшелеріне Қызметтің қызметінің мәселелері бойынша тікелей хабарласу;

3) сандық құрамын, Қызметтің өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, Қызметтің жұмыскерлерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін, Қызметтің жұмыс тәртібін, еңбектің көлемі мен оны төлеудің шарттарын және жұмыскерлерді марапаттауды, Қызметті ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді мерзімінен ерте тоқтату бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныс енгізу;

⁷ Қызметтің тәуелсіз бюджеті Қоғамның бюджетінің аясында құрылады және оған Қызметтің бюджетін құру мен бекітудің мәселелерін регламенттейтін, ішкі нормативтік құжаттармен қарастырылған баптар бойынша жоспарлы кезеңге Қызметтің берілген шығындары қосылады. Сонымен қатар, Қызметтің бюджетінің тәуелсіздігі Қызметтің қызметіне әсерін тигізу мақсатында Қоғамның атқарушы органының тарапынан шектеулердің жоқтығы ретінде түсіндіріледі, қолданылатын шектеу қадағалау органдарымен және Қормен, Директорлар кеңесімен белгіленген лимиттерге және нормативтерге байланысты қолданылатын шектеулердің жағдайы саналмайды.

4) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Аудит жөніндегі комитеттің және/немесе Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашылық ету;

5) кепілдіктерді ұсыну бойынша Қоғамға қызметтерді көрсететін басқа сыртқы тараптармен Қызметтің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

6) Қызметтің қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға және басқа заңды тұлғаларға сұраныстармен хабарласу;

7) мүдделер қайшылығының орын алуын болдырмау мақсатында Қызметтің жұмыскерлерінің міндеттерінің алмастырылуын жүзеге асыру, сонымен қатар, жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету (кезеңмен немесе мақсатына қарай);

8) Қоғамның ішкі бақылау жүйесімен қарастырылған басқа өкілеттіктерді жүзеге асыру және Қызметтің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.

8. Қызметтің және оның басшысының жауапкершілігі.

33. Қызмет оған жүктелген атқарымдардың және міндеттердің дер кезінде және сапалы түрде орындалуына және өз қызметінде және Әдеп кодексінде⁸ жұмысқа кәсіби қатынасының кәсіби стандарттарын сақтауға жауапкершілікті білдіреді.

34. Қызметтің жұмыскерлері белгіленген тәртіппен оларға жүктелген атқарымдарды дер кезінде орындаудың сапасы үшін, сонымен қатар, Стандарттардың, Әдеп кодексінің және Қызметтің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтағаны үшін лауазымдық нұсқаулықтарға, еңбек шарттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке жауап береді.

35. Қызметтің жұмыскерлері ішкі аудитордың өкілеттіктерін шектеу немесе мүдделер қайшылығы түрінде білінетін, ішкі аудитордың объективтілігінің және/немесе тәуелсіздігінің әлеуетті бұзылуының болуына байланысты кез-келген жағдайлар туралы Қызметтің басшысын дер кезінде ақпараттандыруға міндетті.

36. Қызметтің басшысы белгіленген тәртіппен Қызметке жүктелген атқарымдар мен міндеттерді дер кезінде орындағаны және сапасы үшін осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шартына, лауазымдық нұсқаулықтарға және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес толық жеке жауап береді.

37. Міндетті түрде Қызмет басшысының жауапкершілігіне және оның міндетіне келесілер кіреді:

1) Қызметті тиімді басқару және оны белгіленген Стандарттармен, тиімділік пен пайдалылықтың белгілеріне сәйкес Қоғам үшін пайдалылығын қамтамасыз ету;

2) орташа мерзімге Қызметтің стратегиялық жоспарын әзірлеу;

3) Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарының назар аударылған тәуекелін дер кезінде ұсынуды қамтамасыз ету, оның орындалуын және дер кезінде түзетілуін бақылау. Қызметтің жылдық аудиторлық жоспары Аудит жөніндегі комитетінің және Директорлар кеңесінің қарауына жоспарланғаннан алдыңғы жылдың желтоқсанының 1 кешіктірілмей шығарылады;

4) Қоғамның ішкі құжаттарын және ішкі аудит пен Қызметтің қызметіне қатысты басқа құжаттардың әдістемелік кеңестерін әзірлеуді қамтамасыз ету;

5) Қоғамның Жалғыз акционерімен бекітілген (ұсынылған) ішкі аудиттің қағидаттары мен негізгі базалық рәсімдерін Қызметтің қызметінде қолдануды қамтамасыз ету;

⁸ Жұмысқа деген кәсіби қатынасы ішкі аудиторлардың және абсолютті кепілдіктердің ұсынылуы жөніндегі міндеттердің бұзушылықтардың немесе сәйкессіздіктердің қателеспейтіндігін білдірмейді.

6) ішкі аудит пен Стандарттарды ұйымдастыру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына Қызметтің есептерінің сәйкестігін қамтамасыз ету;

7) нәтижелерді орындалуын оларды сапалы қарастыруды қамтамасыз ететін тұлғалардың назарына жеткізу;

8) кепілдік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және Қызметтің қызметінің барлық түрлерін қамтитын және Қызметтің сыртқы және ішкі бағалауын жүргізуді қарастыратын ішкі аудиттің сапасын арттыру;

9) мүдделердің әлеуетті және қолданыстағы қайшылықтарының және Қызметтің немесе оның жеке жұмыскерлерінің тарапынан аудиттің нысанына қатысты біржақты көзқарасының Қызметтің қызметін жоспарлау және жүзеге асыру барысында алдын-алуға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шараларды жүзеге асыру;

10) Қызметтің қызметі туралы есептерді Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне осы Ережемен белгіленген мерзімде ұсыну;

11) Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитеттің жұмысының жылдық жоспарының аясында Қызметтің мәселелерін жоспарлау және дер кезінде қарауға шығару;

12) ақпаратпен алмасу және екі еселенген жұмысты қамтудың және минимизациялауды қамтамасыз етудің мақсатында кепілдіктер мен кеңестерді ұсыну бойынша қызмет көрсететін басқа ішкі және сыртқы тараптармен қызметті үйлестіру;

13) Ережемен анықталған атқарымдардың, құқықтардың, өкілеттіктердің және Қызметтің жауапкершілігінің ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестілігін кезеңмен бағалау және осындай бағалаудың нәтижелерін Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізу;

14) Қызметтің жұмыскерлерінің кәсіби дайындығының деңгейін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау.

9. Жаза қолдану.

38. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін, жүктелген еңбек міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қызметтің басшысы мен жұмыскерлеріне белгіленген тәртіппен жазалау шаралары қолданылады.

39. Қызметтің басшысы мен жұмыскерлерінің материалдық жауапкершілігі және ол жүргізген зиянды (бар болса) өтеудің тәртібі, сонымен қатар, тәртіптік жазаларды қолдау жөніндегі рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Директорлар кеңесіне, Аудит жөніндегі комитетке ақпараттарды ұсыну.

40. Жыл сайын жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімге Қызмет Аудит жөніндегі комитетіне және Директорлар кеңесіне келесі жылға Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарын ұсынады. Қызмет бекітілген жылдық аудиторлық жоспардың орындалуын және осы Ережемен белгіленген мерзімде Қызметтің қызметі туралы есептің аясында оның орындалуы туралы есептің ұсынылуын қамтамасыз етеді.

41. Қызмет Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетіне келесі мерзімдегі Қызметтің қызметі туралы есептерді⁹ ұсынады:

⁹ Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Аудит жөніндегі комитеттің Төрағасымен Қызметтің жұмысы туралы есептерді тиісінше қарастыруды қамтамасыз ету мақсатында, аудиторлық жылдық жоспармен

- 1) тоқсандық - есеп беретін тоқсаннан кейінгі айдың 25 кешіктірілмей;
 - 2) жылдық - есеп беретін жылдан кейінгі екінші айдың 15 күнінен кешіктірілмей.
42. Қызметтің жұмысы туралы есептер Директорлар кеңесі үшін кеңестерді ұсына отырып, алдын-ала Аудит жөніндегі комитетпен қарастырылады (бар болса). Аудит жөніндегі комитет жоқ болған кезде жұмыс туралы есептер Директорлар кеңесімен қарастырылады.
43. Аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері жөніндегі Қызметпен құрылған және Қоғамның және/немесе атқарушы органның жұмыскерлерінің заңсыз әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) көрсететін есептер оларды жүргізгеннен кейін бірден Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке ұсынылуы тиіс.
44. Қызметтің басшысы оның толықтығы мен нақтылығына Аудит жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпараттың талдануын қамтамасыз етуі тиіс.
45. Аудиторлық есептер мен Қызметтің қызметі туралы есептер ішкі аудиттің ұйымының мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес құрылады.
46. Аудит жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі Қызметтің қызметі туралы есептерді қарастырады және Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетінің өкілеттіктерімен және жұмыстың регламентімен белгіленген сәйкес шешімдерді қабылдайды.
47. Қызметтің басшысы Директорлар кеңесін басқарушы атқарымдарды және бақылау және қадағалау және үйлестірудің атқарушы органдарымен жүзеге асыруға қатысты ақпаратпен (тәуекел менеджменті, ішкі бақылау, қауіпсіздік, бизнестің үздіксіздігі, сыртқы аудит және т.с.с.) үнемі қамтамасыз етуі тиіс.
48. Қызметтің басшысы ішкі аудитордың өкілеттіктерін шектеу немесе мүдделер қайшылығы және Қызметтің өкілеттіктері түрінде білінетін, ішкі аудитордың объективтілігінің және/немесе тәуелсіздігінің әлеуетті бұзылуының болуына байланысты кез-келген жағдайлар туралы Аудит жөніндегі комитетті дер кезінде ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

11. Қызметтің Атқарушы органмен өзара әрекеттесуі.

49. Қызметтің атқарушы органмен қарым-қатынастары тәуелсіздіктің қағидатына байланысты құрылуы тиіс, себебі Қызметтің ұйымдастырушылық және атқарымдық тәуелсіздігінің деңгейі ішкі аудиторлардың объективтілігіне тікелей әсерін тиізеді.
50. Қызмет өз қызметінің нәтижелері бойынша атқарушы органға Қоғамның түрлі деңгейінің басшыларымен қабылданған басқару шешімдерін орындаудың сапасын бағалауды ұсынады.
51. Атқарушы органмен өзара әрекеттесудің аясында Қызмет:
- 1) кеңес беру мен аудитті жүргізу жөніндегі атқарушы органның ұсыныстарын ескере отырып жылдық аудиторлық жоспарды құрайды;
 - 2) атқарушы органға Директорлар кеңесімен бекітілген жылдық аудиторлық жоспарды ақпараттандыру мақсатында ұсынады;
 - 3) атқарушы органға кеңес беруді ұсыну жөніндегі қызметтің немесе аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша құрылған аудиторлық есепті /тұжырымды ұсынады;

белгіленген мерзімде немесе тоқсандық есептерді қарастырудың алдын-алатын басқа мерзімде орындалған аудиторлық міндеттер бойынша есептерді ұсыну жөніндегі талаптардың белгіленуі мүмкін. Осы талап Қызмет туралы ережені қоса отырып, Қызметтің қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарында көрінуі тиіс.

4) ішкі бақылауды жетілдірудің, тәуекелдерді басқарудың және корпоративтік басқарудың мәселелері бойынша атқарушы органға ұсыныстарды талқылайды және енгізеді.

52. Атқарушы органның міндеттері:

1) Қоғамда Қоғам үшін максималды пайда мен міндеттерді және алға қойған мақсаттарға қолжеткізуді, атқарымдарды Қызметтің кедергісіз және толық орындауына көмектесетін ішкі бақылаудың тиімді ортасын құруды қамтамасыз ету;

2) тар мамандандырылған мәселелер бойынша кеңестерді алу үшін тәуелсіз сарапшылар ретінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлерін тарту мәселелерінде Қызметке көмек көрсету;

3) Қызметтің есептерін дер кезінде қарауды, Қызметтің қабылданған кеңестерін орындау бойынша іс-шаралардың жоспарын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз ету және олардың орындалуы туралы есепті ұсыну;

4) белгіленген тәртіппен Қоғамның бюджетіне Директорлар кеңесімен/ Аудит жөніндегі комитетпен мақұлданған/бекітілген Қызметтің бюджетінің қосылуын қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен ішкі аудит саласында кез-келген қызметтің қосорсингінің пайдаланылуын қамтамасыз ету;

6) Қызметтің әкімшілік (ұйымдастырушылық техникалық) қамтамасыз етілуін жүзеге асыру.

53. Қызметтің қызметіне атқарушы органның араласуына жол бермеу.

12. Қызметтің қызметін бағалау.

54. Қызметтің қызметінің бағалануы ішкі аудитінің қызметін анықтаудың қызметіне, стандарттарына, Әдеп кодексіне сәйкестілігін қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар, ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін анықтау және қызметті жетілдіруге арналған мүмкіндіктерді табу үшін жүзеге асырылады.

55. ¹⁰Қызметтің, оның басшысының және жұмыскерлерінің қызметін бағалауға қойылатын тәртіп пен оның талаптары стандарттардың, кеңестерінің және Қордың белгіленген корпоративтік стандарттарының Қызметтің тиімділігін бағалау саласына қойылатын талаптарын, сонымен қатар, Қоғамның жұмыскерлерінің қызметін бағалау мәселелерін регламенттейтін талаптарын ескере отырып Қызметтің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

56. Қызметтің ішкі нормативтік құжаттарымен келесілер қарастырылған:

1) Қызметтің қызметінің сәйкестілігіне, ішкі аудитті анықтауға, стандарттарға және Қызметтің ішкі және сыртқы бағалануын қосатын Әдеп кодексіне (Кепілдік бағдарламасы мен ішкі аудиттің сапасын арттыру) Қызметтің бағалауын жүргізудің тәртібі;

2) Қызметтің қызметінің тиімділігін, оның басшысын және жұмыскерлерін Қызметтің стратегиялық жоспарымен, жылдық аудиторлық жоспарымен, осы Ережемен белгіленген міндеттер мен мақсаттарды орындау аясында бағалау жұмыстарын жүргізу тәртібі.

¹⁰ Қордың стандарттарға сәйкестілігіне Қызметтің қызметін бағалау тәртібіне, сонымен қатар, Қызметтің тиімділігін бағалаудың тәртібіне қойылатын талаптар акционерлік қоғамдардағы ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік кеңестердің 2.3 бөліміне және 4.7 бөліміне сәйкес жазылған, олардың елу пайыздан астам дауыс беретін акцияларына тікелей және жанама түрде «Самұқ-Қазына» АҚ иелік етеді.

57. Қызметтің сыртқы (тәуелсіз бағалау) қызметі, кем дегенде, тәуелсіз сыртқы сарапшымен бес жылда бір рет немесе сыртқы тәуелсіз растамамен өзін-өзі бағалау үлгісінде жүзеге асырылады.

13. Қорытынды ережелер.

58. Ереженің өзгертулері және толықтырулары бар болса Аудит жөніндегі комитеттің кеңестері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.